

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қыркүйектегі № 984 қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 528 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 30.06.2023 № 528 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі!

Осы Қаулының күшіне енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз.

"Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы 37-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) бекітілсін.

2. Осы қаулы 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін Қағидалардың 3-бөлімін қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

С. Ахметов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2013 жылғы 18 қыркүйектегі
№ 984 қаулысымен
бекітілген

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы қағидалары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 28.10.2015 № 846 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тарудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 08.05.2019 № 263 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Осы Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры (бұдан әрі – БЖЗҚ) мен:

- 1) міндетті зейнетақы жарналары салымшысының;
- 2) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары аударылатын жеке тұлғаның;
- 3) міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемдерін алушының (бұдан әрі – зейнетақы төлемдерін алушы);
- 4) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеу жөніндегі агенттің арасындағы құқықтық қатынастардың ерекшеліктерін белгілейді.

2. Міндетті зейнетақы жарналарын Заңда айқындалатын мөлшерлемелер бойынша:

- міндетті зейнетақы жарналарын төлеу жөніндегі агенттер;
- міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеу жөніндегі агенттер (бұдан әрі – агент) төлеуге тиіс.

3. Міндетті зейнетақы жарналары және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында төленеді. Міндетті зейнетақы жарналарын басқа адамдардың пайдасына төлеуге болмайды.

4. Міндетті зейнетақы жарналарын және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу (есебіне жазу) мен аудару және олар бойынша өндіріп алу, сондай-ақ БЖЗҚ-дан міндетті зейнетақы жарналары және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру тәртібі мен мерзімдерін Қазақстан Республикасының Үкіметі және Заң белгілейді.

2-тарау. Міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасу тәртібі

Ескерту. 2-тарудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 08.05.2019 № 263 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

5. БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын тартуды және міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы жинақтарын төлеуді жүзеге асырады.

6. Міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт қосылу шарты болып табылады, оның талаптарын БЖЗҚ бекітеді және ол БЖЗҚ-ның интернет-ресурсында орналастырылады.

Міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт Заңда көзделген құқықтарды, міндеттер мен жауапкершілікті,

сондай-ақ БЖЗҚ-ның, міндетті зейнетақы жарналары салымшысының (міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемдерін алушының) арасындағы құқықтық қатынастардың өзге де ерекшеліктерін белгілейді.

7. Алып тасталды – ҚР Үкіметінің 08.05.2019 № 263 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

7-1. Міндетті зейнетақы жарналары міндетті зейнетақы жарналары салымшысының ашық жеке зейнетақы шоттарына түседі. Жеке тұлғада БЖЗҚ-да міндетті зейнетақы жарналарын есепке алу үшін ашылған жеке зейнетақы шоты болмаған жағдайда жеке зейнетақы шоты "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясынан (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) келіп түскен, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен міндетті зейнетақы жарналары аударылатын жеке тұлғалардың тізімдері негізінде ашылады.

Бұл ретте Қазақстан Республикасының уәкілетті органы берген жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын қолданыстағы құжаттың деректемелері, Қазақстан Республикасындағы тұрғылықты жері бойынша тіркелуі туралы мәліметтерді БЖЗҚ тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Ескерту. Қағида 7-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Үкіметінің 08.05.2019 № 263 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

8. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасқан жеке тұлғалардың бірыңғай тізіміне (бұдан әрі – бірыңғай тізім) міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру жөніндегі шарт туралы мәліметтер енгізілгені туралы Мемлекеттік корпорацияның электрондық хабарламасын алған күннен бастап салымшы міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартқа қосылған болып есептеледі.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 08.05.2019 № 263 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3-тарау. Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасу тәртібі

Ескерту. 3-тарудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 08.05.2019 № 263 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

9. БЖЗҚ міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын тартуды және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы жинақтарын төлеуді жүзеге асырады.

10. Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт қосылу шарты болып табылады, оның талаптарын БЖЗҚ бекітеді және ол БЖЗҚ-ның интернет-ресурсында орналастырылады.

Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт Заңда көзделген құқықтарды, міндеттер мен жауапкершілікті, сондай-ақ БЖЗҚ-ның, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары аударылатын жеке тұлғаның (міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемдерін алушының) және агенттің арасындағы құқықтық қатынастардың өзге де ерекшеліктерін белгілейді.

11. Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасу (қосылу шарты) БЖЗҚ-ның интернет-ресурсында орналастырылатын БЖЗҚ-ның ішкі құжатымен бекітілген нысан бойынша міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есепке алу жөнінде жеке зейнетақы шотын ашу туралы өтінішке агенттің және өзі үшін міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары аударылатын жеке тұлғаның қол қоюы арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 14.04.2016 № 215 қаулысымен.

12. БЖЗҚ Мемлекеттік корпорациядан міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жөніндегі мәліметтердің бірыңғай тізімге енгізілгені туралы электрондық хабарламаны алған күннен бастап агент және өзі үшін міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары аударылатын жеке тұлға міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартқа қосылған болып есептеледі.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 14.04.2016 № 215 қаулысымен.

13. Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы бұрын жасалған шарт болған кезде міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары аударылатын жеке тұлға және жаңа агент міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есепке алу бойынша жаңа жеке зейнетақы шотын ашпай-ақ БЖЗҚ-ның ішкі құжаттарымен айқындалатын нысан бойынша міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартқа қосылу туралы өтінішке қол қояды.

Осы Қағидалардың 13-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген өтініш шеңберінде келіп түскен міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, инвестициялық табыс, өсімпұл және Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру

туралы заңнамасына сәйкес өзге де түсімдер міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есепке алу бойынша бұрын ашылған жеке зейнетақы шотында есепке алынады.

4-тарау. Міндетті зейнетақы жарналарының салымшысын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары аударылатын жеке тұлғаны немесе зейнетақы төлемдерін алушыны зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы хабардар ету тәртібі

Ескерту. 4-тарудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 08.05.2019 № 263 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

14. БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарының салымшысы, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары аударылатын жеке тұлға немесе зейнетақы төлемдерін алушы сұрау салған кез келген күнгі міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпаратты БЖЗҚ-да міндетті зейнетақы жарналарын және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есепке алу бойынша жеке зейнетақы шоты ашылған күнінен бастап береді.

15. БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарының салымшысына, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары аударылатын жеке тұлғаға немесе зейнетақы төлемдерін алушыға зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат беруді ақы алмай жүзеге асырады.

16. Міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы, оның ішінде міндетті зейнетақы жарналарының салымшысына, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары аударылатын жеке тұлғаға немесе зейнетақы төлемдерін алушыға БЖЗҚ жыл сайынғы хабардар ету шеңберінде ұсынатын ақпаратта:

1) сұратылып отырған кезеңнің басындағы және соңындағы жағдай бойынша зейнетақы жинақтарының сомасы;

2) сұратылып отырған кезеңнің басындағы және соңындағы жағдай бойынша есептелген инвестициялық табыс сомасы;

3) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің басқармасы бекіткен және сұратылып отырған кезеңнің соңында қолданыстағы инвестициялық табыстан және зейнетақы активтерінен түсетін комиссиялық сыйақының шамасы;

4) сұратылып отырған кезең ішіндегі күндерді көрсете отырып, зейнетақы жарналарының, өсімпұлдың, аударымдардың, зейнетақы жинақтары төлемдерінің және (немесе) ұсталған жеке табыс салығының сомасы;

5) сұратылып отырған кезең ішіндегі күндерді көрсете отырып, міндетті зейнетақы жарналарын немесе міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есепке

алу бойынша жеке зейнетақы шотында көрсетілетін өзге де операциялардың сомасы туралы мәліметтер қамтылады.

17. БЖЗҚ хабардар етуді міндетті зейнетақы жарналарының салымшысы, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары аударылатын жеке тұлға немесе зейнетақы төлемдерін алушы таңдаған, төменде көрсетілген тәсілдердің бірімен жүзеге асырады:

1) электрондық:

БЖЗҚ-ға ұсынылған мекенжайға электрондық пошта арқылы;

қолданушының электрондық цифрлық қолтаңбасын немесе логині мен паролін пайдалана отырып жеке кабинет арқылы;

2) міндетті зейнетақы жарналарының салымшысы, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары аударылатын жеке тұлға немесе зейнетақы төлемдерін алушы БЖЗҚ-ға жеке өзі жүгінген кезде;

3) пошта байланысының қызметтері арқылы.

Міндетті зейнетақы жарналарының салымшысы зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы хабардар ету тәсілін таңдамаған жағдайда, хабардар етуді БЖЗҚ жеке өзі жүгінген кезде жүзеге асырады.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 08.05.2019 № 263 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

17-1. Осы Қағидалардың 7-1-тармағына сәйкес міндетті зейнетақы жарналарын есепке алу үшін БЖЗҚ-да жеке зейнетақы шотын ашқан кезде міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпаратты БЖЗҚ-ға ұсыну тәсілі "БЖЗҚ-ға жеке өзі жүгінген кезде" деп автоматты түрде айқындалады, міндетті зейнетақы жарналары салымшысының оны осы Қағидалардың 19-тармағының екінші бөлігіне сәйкес өзгертуге құқығы бар.

Ескерту. Қағида 17-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Үкіметінің 08.05.2019 № 263 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

18. Төлем карточкасы арқылы хабардар етуді қоспағанда, міндетті зейнетақы жарналарының салымшысын немесе міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемдерін алушыны осы Қағидалар бекітілгенге дейін жасалған міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы, оның ішінде өткен жыл бойынша жыл сайын міндетті хабардар етуді БЖЗҚ қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеуді, бақылауды және қадағалауды жүзеге

асыратын уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен БЖЗҚ-ға берілген электрондық форматтарда көрсетілген тәсілмен жүзеге асырады.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 08.05.2019 № 263 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

19. БЖЗҚ-ның міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпаратты беру тәсілі міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есепке алу үшін жеке зейнетақы шотын ашу туралы өтініші шеңберінде міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары аударылатын жеке тұлғамен келісу бойынша айқындалады.

Міндетті зейнетақы жарналарының салымшысы, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары аударылатын жеке тұлға немесе зейнетақы төлемдерін алушы міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы хабардар ету тәсілін өзгерткен жағдайларда, хабардар етудің жаңа тәсілі жеке келісіммен айқындалады, оның нысаны БЖЗҚ-ның ішкі құжаттарына сәйкес айқындалады.

Міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат беру тәсілі жөніндегі мәліметтер болмаған, не егер беру төлем карточкасы арқылы хабардар етуді көздейтін тәсілмен айқындалған жағдайда, өткен жылдағы міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпаратты ұсыну міндетті зейнетақы жарналарының салымшысы немесе міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемдерін алушы тікелей БЖЗҚ-ға өзі өтініш жасаған кезде жүзеге асырылады.

Ескерту. 19-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 08.05.2019 № 263 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

20. Мынадай:

1) ағымдағы жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша міндетті зейнетақы жарналарын және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есепке алу бойынша жеке зейнетақы шотында ақша болмаған;

2) міндетті зейнетақы жарналарының салымшысы, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары аударылатын жеке тұлға немесе зейнетақы төлемдерін алушы БЖЗҚ-ны адресаттың көрсетілген мекенжай бойынша болмауы себебінен міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен өткен жылғы зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпараттың БЖЗҚ-ға қайтарылуы нәтижесінде белгілі болған тұрғылықты жерінің өзгергені туралы хабарламаған;

3) БЗЖҚ мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінен және (немесе) басқа да дереккөздерден:

БЗЖҚ-да зейнетақы жинақтары бар адамның қайтыс болғаны;

Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге тұрақты тұруға кеткені туралы мәліметтер алған;

4) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпаратты БЗЖҚ-ға қайтару нәтижесінде белгіленген толық емес (дұрыс емес) пошта және электрондық мекенжайлар;

5) БЗЖҚ-ға тікелей жеке өзі немесе жеке кабинет арқылы жүгінген кезде ақпараттандыру тәсілін таңдаған жағдайларда, БЗЖҚ міндетті зейнетақы жарналарының салымшысын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары аударылатын жеке тұлғаны немесе зейнетақы төлемдерін алушыны олардың зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы жыл сайын міндетті хабардар етуді жүзеге асырмайды.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 08.05.2019 № 263 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

5-тарау. Міндетті зейнетақы жарналары салымшысының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары аударылатын жеке тұлғаның немесе зейнетақы төлемдерін алушының БЗЖҚ-ның міндеттемелерін орындауына ықпал ететін барлық өзгерістер туралы хабарлау тәртібі

Ескерту. 5-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 08.05.2019 № 263 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

21. Міндетті зейнетақы жарналарының салымшысы, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары аударылатын жеке тұлға немесе зейнетақы төлемдерін алушы БЗЖҚ-ның міндеттемелерін орындауына ықпал ететін барлық өзгерістер туралы БЗЖҚ-ға немесе Мемлекеттік корпорацияға осындай өзгерістер болған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде хабарлайды. БЗЖҚ міндеттемелерін орындауға әсер ететін өзгерістерге мыналар жатады:

1) міндетті зейнетақы жарналары салымшысының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары аударылатын жеке тұлғаның міндетті зейнетақы жарналарын және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есепке алу бойынша жеке зейнетақы шотын ашу туралы өтініште немесе егер міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт осы Қағидалар бекітілгенге дейін жасалған жағдайда, міндетті зейнетақы жарналары

есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартта не нысаны БЖЗҚ-ның ішкі құжаттарына сәйкес белгіленетін жеке өтініште көрсетілген тұрғылықты жері мекенжайының, электрондық мекенжайының (e-mail) өзгеруі;

2) зейнетақы төлемдерін алушының зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініште көрсетілген банктік деректемелерінің өзгеруі.

Ескерту. 21-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 08.05.2019 № 263 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

22. Міндетті зейнетақы жарналарының салымшысы, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары аударылатын жеке тұлға немесе зейнетақы төлемдерін алушы осы Қағидалардың 21-тармағында көрсетілген деректемелерді өзгерту мақсатында жеке басын куәландыратын құжатпен және БЖЗҚ-ның ішкі құжаттарымен бекітілген нысан бойынша өтінішпен – БЖЗҚ-ға немесе электрондық цифрлық қолтаңба болған жағдайда, осы Қағидалардың 21-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген өзгерістерді енгізу үшін БЖЗҚ интернет-ресурсы арқылы жүгінеді.

Мемлекеттік корпорацияға зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш берген зейнетақы төлемдерін алушы Мемлекеттік корпорацияға банк деректемелерінің өзгергені туралы осындай өзгерістер болған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде хабарлайды.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 08.05.2019 № 263 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

6-тарау. Қорытынды ережелер

Ескерту. 6-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 08.05.2019 № 263 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

23. БЖЗҚ-ның зейнетақымен қамсыздандыру мәселелері жөніндегі өтініштерді қарауы "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы" 2007 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жүзеге асырылады.


24. Осы Қағидалар, оларға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар, сондай-ақ осы Қағидалардың жаңартылған редакциясы БЖЗҚ-ның интернет-ресурсында және БЖЗҚ-ның филиалдарында көзге көрінетін жерге орналастырылады.

25. Міндетті зейнетақы жарналарының салымшылары (міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемдерін алушылар) Заң қолданысқа енгізілгенге дейін жасасқан міндетті зейнетақы жарналары есебінен

зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар осы Қағидаларға қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады.

Осы Қағидалар бекітілгенге дейін міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар жасасқан міндетті зейнетақы жарналарының салымшылары (міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемдерін алушылар) БЖЗҚ-да міндетті зейнетақы жарналарын есепке алу бойынша жеке зейнетақы шоты ашылған күннен бастап қосылу шартына қосылған болып есептеледі.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы қағидаларына
1-қосымша

«БІРЫҢҒАЙ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ			 АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО «ЕДИНЫЙ НАКОПИТЕЛЬНЫЙ ПЕНСИОННЫЙ ФОНД»		
Міндетті зейнетақы жарналарын есепке алу бойынша жеке зейнетақы шотын ашу туралы өтініш (бұдан әрі - Өтініш) Заявление об открытии индивидуального пенсионного счета по учету обязательных пенсионных взносов (далее - Заявление)					
Шарт № _____					
Елді мекеннің атауы _____					
Наименование населенного пункта _____					
Күн Дата	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
<small>күн/ай/жыл</small>			<small>күн/ай/жыл</small>		
Мен, Я,					Туған күні Дата рождения
Тегі Фамилия	<input type="text"/>				<input type="text"/>
Аты Имя	<input type="text"/>				<input type="text"/>
Әкесінің аты Отчество	<input type="text"/>				<input type="text"/>
<small>(болған жағдайда / поименно)</small>					
Жынысы: Пол:	ер мужской	<input type="checkbox"/>	әйел женский	<input type="checkbox"/>	Азаматтығы: Гражданство:
		<input type="checkbox"/>			ҚР азаматы гражданин РК
		<input type="checkbox"/>			<input type="checkbox"/>
		<input type="checkbox"/>			шетел азаматы иностранного гражданина
		<input type="checkbox"/>			<input type="checkbox"/>
		<input type="checkbox"/>			азаматтығы жоқ адам лицо без гражданства
		<input type="checkbox"/>			<input type="checkbox"/>
Жеке басын куәландыратын құжат: / Документ, удостоверяющий личность:					
паспорт паспорт	<input type="checkbox"/>	жеке куәлік удостоверение личности	<input type="checkbox"/>	тұрағ ықтиярхат вид на жительство	<input type="checkbox"/>
		<input type="checkbox"/>			азаматтығы жоқ адамның куәлігі удостоверение лица без гражданства
		<input type="checkbox"/>			<input type="checkbox"/>
		<input type="checkbox"/>			туу туралы куәлік свидетельство о рождении
		<input type="checkbox"/>			<input type="checkbox"/>
сериясы серия	<input type="text"/>	нөмірі номер	<input type="text"/>	берілген күні дата выдачи	<input type="text"/>
<small>кім берген кем выдан</small>			<input type="text"/>		
Тұрғылықты жерінің пошталық мекенжайы: Почтовый адрес места жительства:					
<input type="text"/>					
<small>пошталық индекс, облыс, аудан, елді мекен, көше, үй, пәтер / почтовый индекс, область, район, населенный пункт, улица, дом, квартира</small>					
<input type="text"/>					
Телефоны: Телефон:	жұмыс рабочий	<input type="text"/>	үйнің домашний	<input type="text"/>	ұялы мобильный
		<input type="text"/>			<input type="text"/>
e-mail <input type="text"/>					
міндетті зейнетақы жарналарының есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартқа приобщаюсь к договору о пенсионном обеспечении за счет обязательных пенсионных взносов:					
ЖЗШ нөмірі номер ИПС <input type="text"/>					

БЖЗҚ-ның www.eprf.kz интернет-ресурсында орналастырылған «Брыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - БЖЗҚ) зейнетақы қағидаларының талаптарымен танысқанымды растаймын, олармен келісемін және оларды толық көлемде қабылдаймын. «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес менің дербес деректерімді жинауға және ендіуге келісім беремін және хабардармын. Міндетті зейнетақы жарналарының есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартқа қосыла отырып, менің зейнетақы жинақтарымның жай-күйі туралы ақпаратты өзін таңдаған мына тәсілмен ұсынуды сұраймын:

Подтверждаю, что ознакомлен(а) с условиями Пенсионных правил акционерного общества «Единый накопительный пенсионный фонд» (далее - ЕНПФ), размещенных на интернет-ресурсе ЕНПФ www.eprf.kz, согласен с ними и принимаю их в полном объеме. Уведомлен и даю согласие на сбор и обработку моих персональных данных в соответствии с Законом Республики Казахстан «О персональных данных и их защите». Присоединяюсь к договору о пенсионном обеспечении за счет обязательных пенсионных взносов, прошу предоставлять мне информацию о состоянии моих пенсионных накоплений следующим выбранным мною способом:

Электрондық цифрлық қолтаңба және /немесе логин мен парольді пайдалана отырып, интернет арқылы өзін өтініш жасаған кезінде:
При личном обращении посредством Интернета с использованием электронной цифровой подписи и/или логина и пароля

логин _____ пароль _____
логин _____ пароль _____

Осы өтініш деректемелерінде көрсетілген мөленжайға электронды пошта арқылы, мына мерзімділікпен: _____ жарты жылда бір рет _____ тоқсан сайын _____ ай сайын
По электронной почте на адрес, указанный в реквизитах настоящего Заявления, с периодичностью: _____ один раз в полугодие _____ ежеквартально _____ ежемесячно

БЖЗҚ қансыз есіз келген кезде _____ Пошта байланысының қызметтері арқылы/
При личном обращении в офис ЕНПФ _____ Посредством услуг почтовой связи _____

Осы өтініш тараптардың ерқайсысына бір данадан, мемлекеттік және орыс тілдерінде екі данада жасалған. Настоящее Заявление составлено в двух экземплярах, каждый из которых на казахском и русском языках, по одному экземпляру для каждой из сторон.

БЖЗҚ үкілетті ұйымнан міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жөніндегі мәліметтердің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасқан жеке тұлғалардың брыңғай тіліміне енгізілгені туралы электрондық хабарламаны алған күннен бастап міндетті зейнетақы жарналарының салымшысы міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартқа қосылған болып есептеледі. Вкладчик обязательных пенсионных взносов считается присоединившимся к договору о пенсионном обеспечении за счет обязательных пенсионных взносов со дня получения ЕНПФ электронного уведомления от уполномоченной организации о внесении сведений о договоре о пенсионном обеспечении за счет обязательных пенсионных взносов в единый список физических лиц, заключивших договор о пенсионном обеспечении за счет обязательных пенсионных взносов, обязательных профессиональных пенсионных взносов.

БЖЗҚ / ЕНПФ _____

«БЖЗҚ» АҚ / АО «ЕНПФ» _____

БЖЗҚ (осы өтінішті ресімдеу орны болып табылатын филиалдың) нақты орналасқан жері / фактическое местонахождение ЕНПФ (филиала, являющегося местом оформления настоящего Заявления) _____

Тегі _____
Фамилия _____

Аты _____
Имя _____

Әкесінің аты _____
Отчество _____
(болған жағдайда / при наличии)

телефоны: _____
телефон: _____

МІНДЕТТІ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖАРНАЛАРЫНЫҢ САЛЫМШЫСЫ (МІНДЕТТІ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖАРНАЛАРЫ ЕСЕБІНЕН ЗЕЙНЕТАҚЫ ТӨЛЕМДЕРІН АЛУШЫ) / ВКЛАДЧИК ОБЯЗАТЕЛЬНЫХ ПЕНСИОННЫХ ВЗНОСОВ (ПОЛУЧАТЕЛЬ ПЕНСИОННЫХ ВЫПЛАТ ЗА СЧЕТ ОБЯЗАТЕЛЬНЫХ ПЕНСИОННЫХ ВЗНОСОВ)

Брыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы қағидаларына
2-қосымша

Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есепке алу бойынша жеке зейнетақы шотын ашу туралы өтініш (бұдан әрі - Өтініш)
Заявление об открытии индивидуального пенсионного счета по учету обязательных профессиональных пенсионных взносов (далее - Заявление)

Шарт № _____
№ договора _____

Күні _____
Дата _____

Бі, _____
Мы, _____

Елді мекеннің атауы _____
Наименование населенного пункта _____

Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеу жөніндегі агент: _____
агент по уплате обязательных профессиональных пенсионных взносов _____

Жарғыға сәйкес толық немесе қысқаша атауы _____
Полное или сокращенное наименование в соответствии с Уставом _____

Нақты орналасқан жері _____
Фактическое местонахождение _____

атымен _____
з. ішкі: _____
Лауазымы _____
Должность _____

Тегі _____
Фамилия _____

Аты _____
Имя _____

Әкесінің аты _____
Отчество _____

негізінде зейнет ететін _____
дейтушісінің жеке атауы _____

Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын аударылатын жеке тұлға:
Физическое лицо, за которое перечисляются обязательные профессиональные пенсионные взносы:

<p>Тегі / Фамилия <input style="width: 100%;" type="text"/></p> <p>Аты / Имя <input style="width: 100%;" type="text"/></p> <p>Отчество / Отчество <input style="width: 100%;" type="text"/></p> <p>Жынысы / Пол: <input type="checkbox"/> ер / мужской <input type="checkbox"/> евап / женский</p> <p>Азаматтығы / Гражданство: <input type="checkbox"/> ҚР азаматы / гражданин РК <input type="checkbox"/> шетел азаматы / иностранный гражданин <input type="checkbox"/> азаматтығы жоқ адам / лицо без гражданства</p> <p>Жеке басым куәландыратын құжат: / Документ, удостоверяющий личность: <input type="checkbox"/> паспорт / паспорт <input type="checkbox"/> жеке куәлік / удостоверение личности <input type="checkbox"/> тұлға ақпарат / вид на жительство <input type="checkbox"/> азаматтығы жоқ адамның куәлігі / удостоверение лица без гражданства <input type="checkbox"/> туу туралы куәлік / свидетельство о рождении</p> <p>сериясы / серия <input style="width: 100%;" type="text"/> нояірі / номер <input style="width: 100%;" type="text"/> барлығы / күні / дата выдачи <input style="width: 100%;" type="text"/></p> <p>хы барған / кем қылған <input style="width: 100%;" type="text"/></p> <p>Тұрғылықты пошталық мекенжайы: / Почтовый адрес места жительства: <input style="width: 100%; height: 20px;" type="text"/></p> <p style="font-size: small; text-align: center;">пошталық аудан, облыс, аудан, с/аудан, қала, үкі, кент / почтовый адрес, область, район, местный пункт, улица, дом, квартира</p> <p>Телефоны: / Телефон: жұмыс / рабочий: <input style="width: 50%;" type="text"/> үйлік / домашний: <input style="width: 50%;" type="text"/> ұялы / мобильный: <input style="width: 50%;" type="text"/></p> <p>е-мэйл <input style="width: 100%;" type="text"/></p> <p><small>Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарымен сойыс зейнетақымен қамтамасыздандыру туралы шартқа қосылған / присоединения к договору о пенсионном обеспечении за счет обязательных профессиональных пенсионных взносов</small></p> <p>ЖШН / номер ИПС <input style="width: 100%;" type="text"/></p> <p><small>ЕБЖҚ (www.enpf.kz) интернет-ресурсында орналастырылған «Бірлесуші қозғалыстағы зейнетақы жарна» акционерлік қоғамымен (бұдан әрі - ЕБЖҚ) зейнетақы қамтамасыздандыру тараптарымен тараптар арасындағы өзара тиімді, сәйкестендірілген және оларды толық қолдауға бағытталған. Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары құрамындағы және тұлға «ЕБЖҚ» депрессор және оларды құруға туралы Қазақстан Республикасындағы Заңнаманың ерекше деректерінің жаңа немесе өзгертуге келісімі барса) және сабақдар. Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары сойыс зейнетақымен қамтамасыздандыру туралы шартқа қосылған, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары құрамындағы және тұлға «ЕБЖҚ» депрессор және оларды құруға туралы шартқа қосылған ой тұжырым және тұлғамен ұсынуға құқығы.</small></p>	<p>Туған күні / Дата рождения <input style="width: 20px;" type="text"/><input style="width: 20px;" type="text"/><input style="width: 20px;" type="text"/><input style="width: 20px;" type="text"/></p> <p>ЖШН / ИНН <input style="width: 20px;" type="text"/><input style="width: 20px;" type="text"/><input style="width: 20px;" type="text"/><input style="width: 20px;" type="text"/><input style="width: 20px;" type="text"/><input style="width: 20px;" type="text"/><input style="width: 20px;" type="text"/><input style="width: 20px;" type="text"/><input style="width: 20px;" type="text"/><input style="width: 20px;" type="text"/><input style="width: 20px;" type="text"/><input style="width: 20px;" type="text"/><input style="width: 20px;" type="text"/><input style="width: 20px;" type="text"/><input style="width: 20px;" type="text"/><input style="width: 20px;" type="text"/></p> <p><small>Подтверждаю, что ознакомлен с условиями Пенсионного фонда акционерного общества «Евразийский обязательный пенсионный фонд» (далее - ЕНПФ), размещенных на интернет-ресурсе ЕНПФ www.enpf.kz, согласен с ними и принимаю их в полном объеме. Физическое лицо, за которое перечисляются обязательные профессиональные пенсионные взносы, уведомлен и дает согласие на сбор и обработку его персональных данных в соответствии с Законом Республики Казахстан «О персональных данных и их обработке». Присоединяюсь к договору о пенсионном обеспечении за счет обязательных профессиональных пенсионных взносов, финансовое лицо, за которое перечисляются обязательные профессиональные пенсионные взносы, презент предоставляет эту информацию о состоянии его пенсионных накоплений специально выбранной им способно.</small></p> <p>Электрондық цифрлық қолтаңба және / немесе логин мен парольді пайдалана отырып, интернет арқылы өзін өтініш жасаған кезде: / При личном обращении посредством Интернета с использованием электронной цифровой подписи и/или логина и пароля</p> <p>логин / логин <input style="width: 100%;" type="text"/> пароль / пароль <input style="width: 100%;" type="text"/></p> <p>Осы өтініш деректемелерінде көрсетілген мекенжайға электронды пошта арқылы, яна мерзімділікпен: / жарты жылда бір рет / токсам сабын / ай сайын / ай сайын / ай сайын / ай сайын</p> <p>ЕБЖҚ кәсіпсіз өзі келген кезде / При личном обращении в офис ЕНПФ+ / Пошта байланысы қызметтерінің көмегімен / / Поштовое обслуживание</p> <p><small>Осы өтініш тараптармен құрылымға бір реттен, бірлесуші адам және орыс тіліндегі ұш заңда жасалған. ЕБЖҚ (www.enpf.kz) ұжымдық міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарымен сойыс зейнетақымен қамтамасыздандыру туралы шартқа қосылған. Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарымен сойыс зейнетақымен қамтамасыздандыру туралы шартқа қосылған және тұлға «ЕБЖҚ» депрессор және оларды құруға туралы шартқа қосылған ой тұжырым және тұлғамен ұсынуға құқығы.</small></p> <p><small>Исполнители Заказа составлены в трех экземплярах, каждый из которых на казахском и русском языках, по одному экземпляру для каждой из сторон. Агент и физическое лицо, за которое перечисляются обязательные профессиональные пенсионные взносы, считаются присоединившимися к договору о пенсионном обеспечении за счет обязательных профессиональных пенсионных взносов со дня получения ЕНПФ специального уведомления от уполномоченной организации о внесении сведений о договоре о пенсионном обеспечении за счет обязательных профессиональных пенсионных взносов в единый список физических лиц, являющихся договор о пенсионном обеспечении за счет обязательных пенсионных взносов, обязательных профессиональных пенсионных взносов.</small></p>
<p>ЕБЖҚ / ЕНПФ «ЕБЖҚ» АҚ / АО «ЕНПФ»</p> <p>Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын талау жөніндегі агент / Агент по уплате обязательных профессиональных пенсионных взносов</p> <p>Аты / Имя: <input style="width: 100%;" type="text"/></p> <p>Тегі / Фамилия: <input style="width: 100%;" type="text"/></p> <p>БЖЖҚ (осы қойынды рәсімді орыс тіліндегі қосымшаға қосып ұсынылуы керек / обязательно местонахождение ЕНПФ (бизнес-адрес, являющегося местом официального нахождения Заказа))</p> <p>Аты / Имя: <input style="width: 100%;" type="text"/></p> <p>Тегі / Фамилия: <input style="width: 100%;" type="text"/></p> <p>Отчество: <input style="width: 100%;" type="text"/></p> <p>Телефон: <input style="width: 100%;" type="text"/> Факс: <input style="width: 100%;" type="text"/></p> <p>СМС-хабарламалар арқылы ЕБЖҚ-дан ақпарат алуға келісімін / (болған жағдайда / при наличии)</p> <p>Согласен (-на) на получение информационных расслгов от ЕНПФ посредством СМС-сообщений</p> <p style="text-align: center; font-size: small;">Зейнетақы ұғымдарымен таныстық / С Пенсионным фондом ознакомлен</p>	
<p>ЕБЖҚ өкілінің қолы, тегі немесе аты-жөні, Подпись, Фамилия и инициалы представляющего ЕНПФ</p> <p>Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын талау жөніндегі агенттің қолы</p> <p><small>Подпись агента по уплате обязательных профессиональных пенсионных взносов</small></p> <p>Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын талау жөніндегі агенттің қолы</p> <p><small>Подпись агента по уплате обязательных профессиональных пенсионных взносов</small></p> <p>Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын талау жөніндегі агенттің қолы</p> <p><small>Подпись физического лица, за которое перечисляются обязательные профессиональные пенсионные взносы</small></p> <p>М.О. / М.П.</p> <p>М.О. (болған жағдайда) / М.П. (при наличии)</p>	

Call-центр: 8 800 080 1177 (Қазақстан бойынша қоңырау шалу тегін/бесплатный звонок по Казахстану), www.enpf.kz, e-mail: enpf@enpf.kz